	Міндеті: Балалардың көңілін бөлімшенің қай жерлерінде қалың қар жатқанына бөлу. Балаларға қаншалықты терең екенін білуін ұсыну. **Жұмбақ.** Бір нәрсе өліп жатыр, жетіп ажал, Малының қисабы жоқ безбенге сал. Сүйегі көктеде емес жерде де емес Жігіттер көңіл қойып ойлаңыздар. (жауған қар). **Қозғалыстағы ойын:** «Аяз-Қызыл мұрын» Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіруді нығайту, ойын тәртібін сақтау (қолың тиген жерде-қатырып тастаған жерде тоқтайды).Ойында достықты және өзара көмекті көрсету. **Еңбек қызметі** Гүлзарда қар тоқтатуды орнату Қар тоқтату жөніндегі пікірді ұлғайту(қарды тоқтатады, жел соққанда), оларды орнатуда тәрбиешіге көмектесу.	жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. **Қозғалыстағы ойын:** «Ұзын жол бойынша» Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Жарыстарға қатысуға тәрбиелеу. **Еңбек қызметі** Жолға құмды төгу Жолға құмды төгуде еңбектің мәнділігін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесінен қанағаттанушылық сезімін қалыптастыру. **Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер** «Өлі табиғаттың қысқы құбылыстарын ата» Табиғаттың қысқы құбылыстары туралы балалар білімдерін анықтау. **Тапсырма**. Түрлі-түсті мұздықшаларды қарау. Мұз сипаты туралы балалардың түсініктерін бекіту (аязда су мұзға айналады, мұз қатты, тайғақ,мөлдір, нәзік). **Жеке жұмыс:** Тәулік бөліктерінің ауысуын	**Міндеті:** Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аудару, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға. **Ырымдар.** Желтоқсанда қырау мол болады, қар көп түседі, суықтар күшейеді - мол егін орылады. Ағаштарға қырау тұрса аспан көк болады.Түнде қырау болса- күндіз қар жаумайды. **Қозғалыс ойындары:** **«Бірінші бол»** Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. **Еңбек қызметі**	Шынылдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы сулы булар салқын терезелер шыныларына отырып бір-бірімен біріктіріледі. **Жұмбақ.** Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). **Ырым**. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса аяз күшейе түседі. **Қозғалыс ойындары:** «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халық ойыны) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойында өз әрекеті мен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту. **Еңбек қызметі.** Жолға су құю. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құюды үйрету. Еңбек етуді тәрбиелеу.	Бұрқасын туралы түсінікті қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады **Мақал.** Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. **Ырым.** Қыста бұрқасын болса-жазда жауын-шашын болады. **Қозғалыс ойыны:** «Қарлы әткеншек» Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа жаққа және т.б.). Ойында жинақылық пен дербестілікті тәрбиелеу. **Еңбек қызметі.** Балаларды бала-бақша ауласындағы телімдерде жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Телімдегі тәртіп пен тазалықтан разылық сезімін қалыптастыру.

	Тапсырманы орнатуға үйрету, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерді қалыптастыру. **Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер** Ашық орынға қарағанда, неліктен шарбақтар мен қуыстарда қар қалың болатынын балаларға ойлануды ұсыну. Қорытынды. Бұл орындарда желмен ұшып кетпей, тұрып қалады. **Жеке жұмыс:** Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), анықтау. **Өз бетінше іс-әрекеті** Қазіргі ойындарда өз құрдастарымен 2-3 рөлді ұстайтын, ойында бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын әрекетін орындау, жалпы ойын барысына сәйкес әрекет ету. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	("кеше", "бүгін", "ертең"), анықтау. **Өздігінен қызмет.** Ойын кезінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын жетілдіру, құрбыларының қылықтарына өз көзқарастарын білдіру, өз іс-қимылдарымен амалдарын негіздеу. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	Жолға су төгу үшін қарды нығыздату. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбылар әрекеттерімен келістіруге үйрету. **Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер** Тапсырма. Күн шыққан кезде ағаштардың қырау жамылғанын көру. Күннің көзінде қырау жылтырайды. «Қырау» сөзіне эпитет таңда. Эпитеттерді таңдауға үйрену, балалар сөздігін байыту. **Жеке жұмыс:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыруға үйрету **Өздігінен қызмет.** Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын жетілдіру және байыту; өз пікірін айтуын жетілдіру, өз құрбылары пікірлерімен келіспеу,	**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер. «Шыныдағы қысқы ертегі»** Балалардың шағын ертегіні құрастыруда талаптануын мадақтау, көргендерін айта білу (керемет жапырақтар, ғажайып гүлдер, өрнектер). Алдын –ала болатын қызметке қызығушылығын арттыру. **Жеке жұмыс:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыруға үйрету **Өздігінен қызмет.** Ойында өз әрекетімен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер. Тәжірибе.** Шарбақ. Пен күркелердің маңында омбылар болатынын анықтау **Қорытынды.**Шарбақ пен күркеге жел соққан. «Бұрқасын кезіндегі өзгешіліктерді ата». Өз ойларын айта білу, сөзін, ақылын дамыту, білімін бекіту. **Жеке жұмыс:** Қос аяқпен секіруді, биік емес жерлерден секіруді үйретуді жалғастыру **Өздігінен қызмет.** Бала қоғамы өмірінің ұйымдастыру формасы ретінде ойынды дамытуына, бірқалыпты балалық ойын бірлестігінің пайда болуына және нығайтуына, балалардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыруына, сондай-ақ ойындық бірлестігінің болуына себеп болу. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-**

			олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**		**әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау				
Түскі ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» **(Үнемді тұтыну)** **Ас қайыру** Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Әумин				
Күндізгі ұйқы	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) **Ұйқыдан кейінгі жаттығулар** **№ 10** **Керуеттегі жаттығулар** Оянайық бәріміз. Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар,				

	Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, **Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.** **Керует жанындағы жаттығулар** Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық. - Б. қ .қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру. - Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. - Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу. Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады. **Шынықтыру шарасы.** Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру. **Демалуды қалыпқа келтіру** Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық!				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-	**Дидактикалық ойын:** «Оң және сол» **Міндеті** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары:	**Зерттеу іс-әрекеті:** «Қыс» ерекшіліктері **Міндеті:** Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің	**Зерттеу іс-әрекеті:** «Қар» **Міндеті:** Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік	**Зерттеу іс-әрекеті:** «Мұз» **Міндеті:** Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің	**Дидактикалық ойын:** «Өз орныңды тап» **Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен

әрекеті, кітап қарау және басқалары)	сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Дидактикалық ойын:** «Көршілер» **Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу **(қазақ тілі***)** **Ұлттық ойын: «**Көкпар» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене тәрбиесі**)**	қарапайым дағдыларын меңгерту **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті** **Сюжеттік рөлдік ойын:** «Автобуста» **Міндеті:** Құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасауға, ойындарды бірге, келісіп ойнауға үйрету. Балалар бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын: «**Бәйге» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене тәрбиесі**)**	әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Жапсыру іс-әрекеті:** Сюжеттік композициялар жасау **Міндеті:**, Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын:** «Айгөлек» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады; бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене тәрбиесі**)**	қарапайым дағдыларын меңгерту **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Дидактикалық ойын:** «Бұл қай кезде болады?» (үстеу) **Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу **(қазақ тілі***)** **Құрастыру:** Қағаздан құрастыру **Міндеті:** Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен,ою-өрнектермен безендіруді үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын:** «Орамал тастау» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады;	теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Дидактикалық ойын:** «Бейнеле» **Міндеті:** Сәндік сурет салу (Өрнек құрастыру) Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті))** **Ұлттық ойын:** «Тақия тастамақ» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысады;

				бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене тәрбиесі**)**	бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды **(дене тәрбиесі**)**
Балалармен жеке жұмыс	**Коммуникативтік дағдылар** **Дидактикалық ойын:** «Сөзді тап» **Мінлеті:** синонимдер мен антонимдерді қолдануға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс әрекеті)** *Ә.Альнұр*	**Коммуникативтік дағдылар** «Қыс» өленің жаттау **Мінлеті:** өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқуға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс әрекеті)** *С. Мади*	**Коммуникативтік дағдылар** **Міндеті:** жазу парағында бағдарлауға, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратуға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс әрекеті, танымдық іс-әрекет)** *Б. Нығымет*	**Коммуникативтік дағдылар** «Мақтақыз бен мысық» ертегісін мазмұндау **Мінлеті:** тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізуге үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс әрекеті)** *С. Жігер*	**Коммуникативтік дағдылар** Диалог құру **Мінлеті:** еркін диалог құруға үйретуді жалғастыру **(қарым-қатынас іс әрекеті)** *Е. Медина*
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,қарым-қатынас іс-ірекеті).				
Серуен	**Терең қар жамылғысының тереңдігін бақылау (карта №6)** **Міндеті:** Балалардың көңілін бөлімшенің қай жерлерінде қалың қар жатқанына бөлу. Балаларға қаншалықты терең екенін білуін ұсыну. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**Тайғанақты бақылау. (карта №7)** **Міндеті:** Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**Ағаштардағы қырауларды бақылау. (карта №8)** **Міндеті:** Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аудару, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға.	**Шыныдағы қарды өрнектерін бақылау, қадағалау. (карта №9)** **Міндеті:** Шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы сулы булар салқын терезелер шыныларына отырып бір-бірімен біріктіріледі. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас**	**Бұрқасынды бақылау (карта №10)** **Міндеті:** Бұрқасын туралы түсінікті қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас**

			(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	**іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	**іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**
Серуеннен оралу	Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі****				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Сөздік ойын**: «Кім жылдам?» (Жаңылтпаш айту) **Міндеті:** дыбыстарды анық шығаруға көмектеседі. **Ойын шарты:** Тәрбиеші немесе ата-ана қысқа фольклорлық жаңылтпаш айтады, бала оны қателеспей қайталауы керек. **(қарым-қатынас іс әрекеті; қазақ тілі***)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Әңгімелесу:** «Қыс мезгіліндегі жолдағы қауіпсіздік» **Міндеті:** Қыс мезгіліндегі жолдағы қауіпсіздік туралы білімдерін қалыптастыру **Шарты:** Жолдағы қауіпсіздік Қыста жол тайғақ болады, ал көліктер тез тоқтай алмайды.	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын: «**Жалғасын тап» (Мақал-мәтелдер) **Міндеті:** Балалардың қисынын дамытып, халық даналығымен таныстырады. **Ойын шарты:** Сіз мақалдың басын айтасыз, бала оны логикалық тұрғыдан аяқтауы керек. **(қарым-қатынас іс әрекеті; қазақ тілі***)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Әңгімелесу:** «Мұз бен мұздақтан сақтан» **Міндеті:** Мұз бен мұздақтан сақтану жолдарымен таныстыру **Шарты:** **Сырғанақ жерлер:** Егер тротуар тайғақ болса, аяқты көтермей, «шаңғышы» сияқты сырғанап жүру құлау қаупін азайтады. **Құлау**	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын:** «Жұмбақ шешу — ой ашу» **Міндеті:** заттардың қасиетін тануға және бейнелі сөйлеуге үйретеді. **Ойын шарты:** Фольклорлық жұмбақтарды жасыру. Бала жауабын тауып, сол зат туралы 1-2 сөйлем құрауы тиіс. **(қарым-қатынас іс әрекеті; қазақ тілі***)** **Қауіпсіздік сабағы:**	**Жоба: «**Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын:** «Ертегіні жалғастыр» (Сөйлем құрау) **Міндеті:** Баланың логикалық ойлауын және сөйлеу тізбегін дамытады. **Ойын шарты**: Сіз ертегінің бір сөйлемін бастайсыз, бала келесі сөйлемді ойлап тауып, хикаяны басқа арнаға бұруы керек. Мысалы: «Ертеде бір кішкентай тиын болыпты, ол орман ішінде келе жатып, үлкен сандық тауып алыпты...» **Бала:** «Сандықты ашса, ішінде толы жаңғақтар бар екен!» **(қарым-қатынас іс әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Жол белгілерін жина» (Пазл) **Міндеті:** Жол белгілерін тану.	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» Театр қойылымдары. Ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Жол жүру ережесі» **Міндеті**: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол туралы білімдерін қалыптастыру.

	Тайғақ жол: Жолдан өткенде жүгірмеу керек. Кішкентай адымдармен жүру қажет. Көрінбейтін қауіп: Қыста кеш ерте батады. Киімде жарық шағылыстырғыш (фликер) болғаны дұрыс. Тежеу жолы: Көлікке «тез тоқта» деп бұйрық бере алмаймыз. Ол мұзда сырғанап барып баяу тоқтайды. Сондықтан жолдан өтпес бұрын көліктің толық тоқтағанына көз жеткіз.	**техникасы:** Егер құлап бара жатсаң, қырыңмен құлауға тырыс. Шалқаңнан немесе тіреліп құлау қол мен басты зақымдауы мүмкін. **Өзендегі мұз:** Ешқашан үлкендерсіз қатып жатқан өзен немесе көлдің үстіне шығуға болмайды!	**Әңгімелесу: «**Шатыр астындағы қауіп» **Міндеті**: шатыр астындағы қауіптан сақтану жолдарымен таныстыру **Шарты:** **Сұңгілер (мұз сұңгілері):** Үйлердің жиегімен жүрме. Жоғарыдан мұз немесе қар құлауы мүмкін. **Белгілер:** Егер ғимараттың айналасында қоршау тұрса, ол жерге жақындама.	**Барысы:** Балаларға бөліктерге бөлінген жол белгілері (жаяу жүргіншілер өткелі, ескерту белгілері) беріледі. Олар оны құрастырып, белгінің не білдіретінін айтып беруі керек.	
Балалардың үйге қайтуы	Қысқы табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну.	Балалардың қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері туралы ұсыныстар айту	Құстарға жемсалғыш жасауды ұсыну.	Балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру	Ертеңгіліклік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.

Дидактикалық ойындар:
1 апта
«Қай жыл мезгілі?»
Ережесі:
Тәрбиеші жыл мезгілдеріне қатысты суреттерді немесе сипаттамаларды ұсынады. Балалар қай жыл мезгілі екенін атап, оның белгілерін айтады. Дұрыс жауап берген балаға келесі сурет беріледі.

«Айгүлге серуенге бару үшін не жетіспейді?»
Ережесі:
Сурет бойынша Айгүлдің серуенге шығуына қажетті заттарды анықтайды. Балалар жетіспейтін заттарды атап, не үшін қажет екенін түсіндіреді.

«Орналастыр»

Ережесі:
Балаларға қағаз бетінде әртүрлі заттар ұсынылады. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша балалар заттарды оң жаққа, сол жаққа, жоғары немесе төмен орналастырады.

«Заттарды сипатта»
Ережесі:
Бала бір затты таңдап алады да, оның түсін, пішінін, өлшемін, неден жасалғанын және қайда қолданылатынын айтып береді. Қалған балалар толықтыруы мүмкін.

2 апта
«Бұл қай кезде болады?» (үстеу)
Міндеті: Балалармен тәулік бөліктерін бекіту (таңертең, күндіз, кеш, түн)
Ойынның құрал-жабдықтары:Тәулік бөліктері суреті.
Ойынның мазмұны:Тәрбиеші балалармен бірге, тәулік неше бөліктен тұратынын,және тәулік бөліктерін атауды сұрайды.
Тәулік бөліктері бар суреттерді қарап,соған сәйкес келетін суреттерді тауып орналастырады.(таңертең,күндіз,кеш,түн)

«Сипаттамасы бойынша таны»
Ережесі:
Тәрбиеші заттың немесе жануардың сипаттамасын айтады. Балалар оның не екенін табады және өз ойларын дәлелдейді.

«Оң және сол»
Ережесі:
Балалар дене мүшелері мен заттардың орналасуын пайдаланып, оң және сол бағыттарды ажыратады. Тәрбиешінің нұсқауын дәл орындауы қажет.

«Оң және сол»
Міндеті: оң және солды ажыратуға жаттықтыру.
Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді.
(математика негіздері)

«Қызыл-ақ»
Міндеті: Сөз ішіндегі дыбысты табу, баланың есту қабілетін жетілдіру.
Қажетті құрал: Әр балаға қызыл және ақ түсті екі дөңгелек немесе жалауша.
Ойынның шарты: Тәрбиеші 4-5 таныс дыбысты атайды да, соңынан 4-5 сөз айтады. Егер айтылған сөзде тәрбиеші атаған дыбыстар кездессе- балалар қызыл дөңгелекті, кездеспесе- ақ дөңгелекті көтереді. Бұл ойынды кластағы балаларды 3 командаға бөліп өткізуге болады. Қай команда қателеспесе, сол жеңімпаз атанып, жалаушаға ие болады.

«Сөйлемді жалғастыр»
Ойынның шарты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін және тілін дамыту. Төрбиеші сөйлемнің не басын, не аяғын айтады да, балаларға жалғастырып әкетуді ұсынады. Мысалы:

1. Беті-қолымды /жудым/. 2. Айнаға /қарадым/. 3. Шашымды/ тарадым/. 4. Тамақ /іштім/. 5. Ойыншықпен /ойнадым/. 6. Алақай, апам /келді/! 7. Кім /келді/? және т.б.
2.

«Аңдарды қоректендір»
Міндеті: сан және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту, қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.
Ойын шарты: балалар кезек – кезек суретті алып ойнайды.
Ойынның барысы: тақтада аңдардың суреті ілінген, ал тамақтың суреті тәрбиешінің үстелінің үстіне қойылған.
- Олжас қалай ойлайсың, бананды қай аңға береміз? Апарып бер. Сен маймылға неше банан бердің? Осы цифырды ата және жаз.
- Ал аю нені жақсы көреді? Әрине балды.
- Қоян нені жақсы көреді? Әрине сәбізді.
- Тиін нені жақсы көреді? Әрине жаңғақты. Әр бала суретке қарап қай аң нені жақсы көретінін таңдап алып қасына жапсырады. Осылайша ойын жалғаса береді.

3-4 апта
«Заттарды сипатта»
Ережесі:
Бала бір затты таңдап алады да, оның түсін, пішінін, өлшемін, неден жасалғанын және қайда қолданылатынын айтып береді. Қалған балалар толықтыруы мүмкін.

Кім зейінді?
Міндеті: Балалардың сөздік қорын молайту, әр түрлі дыбыстарды тез ажырата білуге үйрету.
Қажетті құрал: Арнайы бір дыбысқа топталған заттардың суреттері.
Ойынның шарты: Балалар өз орындарында отырады. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп тұрады, осы көрсетілген суреттердің аттарын балалар өздері атай отырып, қай дыбыс жиі айтылатынын табады. Мысалы, сағат, сиыр, қасық, мысық. Самат, сағыз, сырнай, т.б. осы сияқты сөздерде «с» дыбысының жиі айтылатынын балалар бірден айтуға тиіс. Бұл ойынды да балалардың отыру ыңғайына қарай үш командаға бөліп өткізуге болады. Көп жағдайда суреттерді үш топқа бөліп, жолақшаға немесе тақтаға орналастырып, әр команданың жауабын бірден алуға болады әрі уақыт үнемделеді.
Қай команда дұрыс жауап берсе, сол ойын жеңімпазы болады. Ал үш команда да дұрыс жауап берсе, бәрін де мадақтайды.

«Заттар әлеміне саяхат»
Міндеті: топ бөлмесіндегі көптеген әр – түрлі заттарға балалардың назарын аудару. Олардың нақты атаулары мен қасиеттерін балалар біледі ме, жоқ па соны тексеру. Балаларға түрлі жағдайларда және күнделікті өмірде оларды дұрыс пайдалануға дамыту.
Ойын ережесі: Үлкен саяхатшының нұсқауларын орындау. Заттарды көрсете білу және барлығын көрінетіндей, естілетіндей етіп атын атау. Заттардың ерекшелігі
жөнінде және оны қолдану ережесін айту. Қиналған кезде бір – біріне көмектесу.

«Жаңылтпаштар»
Міндеті: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар
Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.

«Сөйлемді жалғастыр»
Ойынның шарты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін және тілін дамыту. Төрбиеші сөйлемнің не басын, не аяғын айтады да, балаларға жалғастырып әкетуді ұсынады. Мысалы:
1. Беті-қолымды /жудым/. 2. Айнаға /қарадым/. 3. Шашымды/ тарадым/. 4. Тамақ /іштім/. 5. Ойыншықпен /ойнадым/. 6. Алақай, апам /келді/! 7. Кім /келді/? және т.б.

«Қай жыл мезгілі?»
Ережесі:
Тәрбиеші жыл мезгілдеріне қатысты суреттерді немесе сипаттамаларды ұсынады. Балалар қай жыл мезгілі екенін атап, оның белгілерін айтады. Дұрыс жауап берген балаға келесі сурет беріледі.

«Оң және сол»
Міндеті: оң және солды ажыратуға жаттықтыру.
Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді.
(математика негіздері)

Қауіпсіздік ойыны: «Мұз үстіндегі қауіпсіздік»
Ережесі:
Балалар мұз үстінде өзін қалай ұстау керектігін айтады. Қауіпсіз және қауіпті әрекеттерді ажыратады..

Саусақ жаттығулары:

«Сәлем»
Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)
Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)
Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)
Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)
Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)
Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)
Сәлемет пе, (екі қолды жоғары соза аспанды көрсетеді)
Шуақты күн көкте! (екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді)
Сәлемет пе, (екі қолды төмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына ұстайды)
Нұрлы аспан көкпеңбек! (оң жаққа оң қолын жаяды)
Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды)
Самал жел желпіген» (оң қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстай оңға, солға кезектестіре шайқайды)

Сәлемет пе, (бастарын шайқайды)
Кішкентай түбіртек!
Сәлем, таң жаңа атқан!
Сәлем, күн арайлы!
Сәлемге еріну!
Бізде әсте болмайды

«Қораз»
Қораз, қораз қоқылдақ
Ерте тұрар қоқылдап
Алтын айдар басында
Ән салар үй қасында (алақан үстінде, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, қалған саусақтардың аралары ашық үстіге қарайды)

«Қолтрауын»
Қолтырауын қонақ күтуде (екі қолдың саусақтарын түйіп қайта ашып қалады)
Тістері тура шегедей (саусақтарын ашқан күйі оң алақанды сәл дөңгелетң үстіне беттестіре саусақтарды сәл дөңгелете «қолтырауынның аузын ашқан сияқты» ашып-жабады)
Бұл жерден қой өтпеді ме? (қолды төмен бос тастап, иықты жоғары көтереді)
Деп сұрадым ойын білмекке (алақандарын бір-біріне ысқылайды)
Ал ол болса тымпиып жатыр (көздерін қысады)
Көзін қысып қылқиып жатыр

«Кім келді?»
Қане, қане кім келді? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын созады)
Біз, біз, біз! (екі қолдағы бас бармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ үштарын бір мезгілде соғады)
Апа, апа, бұл сіз бе? (екі қолының бас бармақтарының ұштарын созады)
Иә, иә, иә! (сұқ саусақтарының ұштарын соғады)
Әке, әке, бұл сіз бе? (екі қолдарының бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады)
Ағатайым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады)
Қарындасым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)
Иә, иә, иә! (кішкене саусақтардың ұштарын соғады)
Біздер тату жанұя (барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады)
Иә, иә, иә! (алақандарымен шапалақтайды

Музыкалық ойындар:

«Музыкалық әткеншек»

Міндеті: Балаларға музыканың өзгеру темпін ажырата білуге үйрету.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды.
Қай кезде музыка тез ойнады? Қай кезде баяу ойнады?
(жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.)

«Үнінен таны»

Ойын материалы: Дабыл, сылдырмақ, үскірік, кселафон, керме (ширма)
Ойын барысы.
Музыка! Музыка!
Бұл не екен өзі?
Мүмкін бұл,
Көгілдір аспан шығар!
Мүмкін бұл,
Таңғы арай шығар?
Ал, мүмкін, музыка –
Тек қана дыбыстар шығар!

Музыкалық жетекші аспаптардың бірімен ойнайды. Балалар тыңдайды және музыкалық аспаптың атын атайды. Осыдан кейін атауын тапқан музыкалық аспаптарда өз бетімен ойнайды.

Көңілді – мұңды» ойыны

(музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін)
Ойын материалы: Төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің суреттері салынған бірнеше кішкентай карточкалар.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.
Көңілді
Жылқы жағалауда жүр екен
Жасыл желек үстінде.
Ол басын шұлғып,
Қара жалың желпілдетіп,
Алтын жүгенін сылдырлатып
Сыңғыр, сыңғыр ете

Тағып алған қоңыраулары,
Жорғалап ол жүреді

Мұңды
Мұңды көңілсіз жануарлар,
Олар ауырып қалған шығар.
Қоянның аяғы ауырып тұр,
Тұнжырап мұңайып тұр.
Сондықтанда олар,
Иттің басы ауырып тұр

«Көңілді паровоз»

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған паровоз және аңдар.
Ойын барыс: »Көңілді паровоз» әдістемелік үстелге балалар жаққа қаратылып қойылады. Музыкалық жетекші балаларға бос терезелерге назар аударта отырып, паровоз бен оның вагондарын қарап шығуды ұсынады.
Одан әрі қарай паровозға машинашы мен жолаушылар қажет болғандықтан, оның ұзақ жолға шыға алмай тұрғанын хабарлайды. Ал вагондағы орындарға кім отыратындығын анықтауға музыка көмектеседі. Музыка жетекшісі «Қорбаңбай аю» пьесасын тыңдауды және оның атауын еске түсіруді ұсынады. Балалар пьесаның атауын табады, сөйтіп «Аш қасқыр», «Айлакер түлкі», «Көңілді қояндар».

«Музыкадағы үш кит»

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үш кит.
Ойын барысы: Ойын музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту үшін таныс материалдармен өткізіледі. Балалар үш шеңбер жасап тұрады, ортасында қолына «кит» ұстаған бала тұрады. «Марш» әуені ойнағанда кит – марш шеңберінде тұрған балалар марштайды. Ал «полька» әуені ойнағанда кит – биі, «Достық» әні ойнағанда кит – ән шеңберінде тұрған балалар әндетеді. Музыка жетекшісі музыкалық материалды өз қалауы мен тақырыпты бекіту қажеттілігіне байланысты таңдайды.

«Музыкалық үйшік»

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үйшік және сол әйнектердің көлеміне сәйкес әртүрлі муз аспаптардың суреттері.
Ойын барысы: Музыка жетекшісі балаларға үйшікті көрсетеді. Ол үйшіктің ішінде әртүрлі аспаптарда ойнайтын, көңілді музыканттардың тұратынын айтады. Егер мұқият тыңдасақ, олардың әрқайсысының қандай музыкалық аспаптарда ойнайтынын білетін боламыз. Музыка жетекшісі балаларға таныс әнді әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнап айтып береді. Балаларға ол аспаптарды көрсетпеу керек. Тапсырма жүктелген бала, қандай инструмент екенін тауып карточкалардың арасынан сол инструменттің суретін алып үишіктің әйнегіне апарып жабыстырады.

«Өз аспабыңды тап»

Ойын материалы: Музыкалық аспаптардың суреттері бейнеленген түссіз карточкалар және түрлі түсті төртке бөлінген үш карта, және балаларға

арналған муз аспаптар, ширма.
Ойын барысы: Ойынға бір жүргізуші, екі бала қажет. Жүргізуші ширманың артындағы аспаптардың жанына төртке бөлінген түсті картаны қояды, ал түссіз картаны ойнайтын балаларға таратып береді. Балаларға аспаптардың дауысын тағыда біррет тыңдатып, өлең айта бастайды солай ойын басталады. Жүргізуші суреттің бір бөлігін көтеріп сол аспапта ойнап мен қандай аспапта ойнадым деп сұрайды. Дұрыс жауап берген балаға түсті картаның бір бөлігін беріліп ол карта түссіз картаның үстіне қойылады. Ойын карта жабылғанша жалғаса береді.

«Соқыр теке»

Ойын барысы: Балалар бір – бірінің қолынан ұстап шеңбер жасап тұрады, 3 – 4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады.
Ортада «Соқыр теке»
Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады.

Соқыр теке, бақ, бақ
Біз айтамыз тақпақ.
Мықты болсаң қанекей,
Бірімізді тап, тап.

«Балақан да алақан»

Балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. Музыка ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар, не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар «кінәлі бала» болып табылады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін өлең, тақпақ айтқызып, билетеді.
Кел балалар, шапалақтап
Алақанды ұрайық.
Жаңылғанды ортаға ап,
Бір өнерін сұрайық.
Қ – сы
Ла – ла – ла – ла,
Балақан.
Ла – ла – ла – ла,
Алақан.

Айып тартсақ саспайық,
Қысылмайық қиналып.
Кел ойынды бастайық,
Келді достар жиналып.

Қ – сы
Ла – ла – ла – ла,
Балақан.
Ла – ла – ла – ла,
Алақан.

Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына ән, би, немесе тақпақ сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады.
Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді.
Соғылғанда алақан,
Жаңылдың сен, балақан.
Шаю үшін кінәңді,
Көрсет бір өнеріңді.

«Ән салған кім?»
Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.
(тембрді айыру үшін арналған ойын)

Көп бала бар бөлмеде,
Бірі ғана ән салады.
Ал сырттағы
Кім екен деп тамсанады
Бір бала былай деп әндетеді.
Мен бақытты бөбекпін,
Таудай биік талабым,
Ән мен күйге зерекпін,
Бірден қағып аламын.
Тәжірибелер:
1. Бұлт жасаймыз
Үш литрлік банкеге ыстық су құйыңыз (мысалы 2,5см). Ыдысқа бірнеше мұзды қойыңыз және оны банкенің үстіне қойыңыз. Банке ішіндегі ауа үстіне көтеріліп, суй бастайды. Оның ішіндегі су буы бұлт жасап қоюлана бастайды.
Бұл тәжірибе жылы ауа суығанда пайда болатын құбылысты көрсетеді. Ал жаңбыр қайдан пайда болады? Жердегі жылынған тамшылары үстіге көтеріледі екен. Содан оларға суық болған соң олар бір-біріне қысылып бұлт пайда болады. Бірге кездескенде олар үлкейіп ауырлай бастайды да және жерге жаңбыр сияқты жауады.

2. Сиқырлы айна немесе 1? 3? 5?
90˚ астам бұрышпен екі айнаналарды қойыңыз. Бұрышқа бір алманы қойыңыз. Мұнда басталады, бірақ нағыз керемет басталады былай. Алма үшеу болды. Ал егер де айна арасындағы бұрышты біртіндеп азайта берсе, онда алма саны көбейеді. Басқаша айтқанда айналардың бұрыштары

жақындаған сайын көп заттар көріне бастайды. Өзіңіздің балаңыздан сұраңыз бір алманы кеспей 3,5,7 алма жасайға болады ма деп сұрасаңыз. Ол сізге не деп жауап береді? Ал қазір жоғарыдағы тәжірибені қойыңыз.

3. Электр зарядтары туралы тұжырымдама
Шағын ауа шарын үрлеңіз. Осы шарды жүнге немесе теріге одан жақсысы өзіңіздің шаштарыңызға уқалаңыз, осы кезде сіз шар бөлмедегі бүкіл заттарға жабыса бастағанын көресіз; шкафқа, қабырғаға ал енді ең бастысы – балаға.
Бұл заттардың барлығында белгіленген электр зарядтары бар екенін түсіндіреді. Әр түрлі материалдардың байланысы нәтижесінде электр зарядтары бөлінеді.

4. Билейтін фольга
Алюминді фольганы (шоколадтың немесе кәмпиттің жылтыр қабығын) өте ұзын және тар жолақтар қиыңыз. Тарақ сияқты шаш арқылы өткізіп, содан соң оны сегменттерге жақын әкеліңіз. Осы кезде жолақтар «билей» бастайды. Бұл дегеніміз олар бір-біріне оң және теріс электр зарядтарын таратады.

5. Ауа шарын оған зиянын тигізіп алмай қалай жаруға болады?
Егер де әуе түйіршікті тессек онда бала оның жарылатынын біледі. Түйіршіктің (шардың) екі жағына кішкене скотч жабыстырыңыз. Енді сіз шарды скотч арқылы оған ешқандай зиянын тигізбей жара аласыз.

6. Лотос гүлі
Түрлі түсті қағаздан үлкен жапырақтары бар гүлді қиыңыз. Қарандаштың көмегімен жапырақтарды ортаға ораңыз. Ал енді ыдыстағы суға әр түрлі лотостарды түсіріңіз. Осы кезде сіздің алдыңызда гүлдің жапырақтары ашылады. Бұл дегеніміз қағаз суланған сайын ол біртіндеп ауырлай бастаған соң жапырақтар ашыла басайды.

7. Иіс қайда кетті?
Алдын ала иіс су тамшыланған банкеге жүгері таяқшаларын салып оны тығыз қақпақпен жабыңыз. 10 минут өткен соң қақпақты ашқанда сіз иісті сезбейсіз: оны жүзері таяқшаларының кеуек заттары өзіне сіңіріп алды. Осындай түстін немесе иістің сіңіруін адсорбция — деп атайды.

8. Су шамы
Ұзын емес стеаринді май шамды және стақан суды алыңыз. Май шамның астына ауыр болу үшін қыздырылған шегені (егер де шеге суық болса онда май шам үгітіліп қалады). Білтесі және шамның ең шеті көрініп қалғандай. Стақан судағы жүзіп тұрған май шам болады. Білтені жағыңыз сонда шам өте көпке дейін жанып тұрады. Суға дейін жанып ары қарай өшетін сияқты көрінеді. Бірақ бұлай болмайды. Шам аяғына дейін жанады. Оның үстіне осындай шамда тұрған май шаммен ешқашан өрт жағдайы болмайды. Себебі білте сумен сөніп қалады.

Ұлттық ойындар:
Көкпар
Ойын ережесі:
Балалар екі топқа бөлінеді. Белгіленген алаңда көкпар орнына жұмсақ ойыншық немесе доп пайдаланылады. Белгі бойынша ойын басталады. Әр топ

ойыншықты қарсы топтың белгіленген орнына жеткізуге тырысады. Бір-бірін итеруге, қауіпті қимыл жасауға болмайды. Ережені сақтаған, ұйымшыл топ жеңіске жетеді.

«Бәйге»
Бұл ойын балабақша жағдайында атпен емес, **жүгіру** немесе **«атқа міну» (таяқшамен)** түрінде өткізіледі.
Ойын барысы: Балалар сөре сызығына тұрады. Белгі берілгенде, олар белгіленген мәреге дейін жүгіруі керек.
Ережесі:
Белгі берілмей тұрып жүгіруге болмайды.
Бір-бірін итермей, өз жолымен жүгіруі тиіс.
Мәреге бірінші жеткен бала жеңімпаз атанады.

Аударыспақ
Ойын ережесі:
Бұл ойын балабақша жағдайында қауіпсіз түрде өткізіледі. Балалар жұптасып, жұмсақ төсеніш үстінде бір-бірінің иығынан ұстап, тепе-теңдігін сақтай отырып қарсыласын белгіленген шеңберден шығаруға тырысады. Қатты итеруге, құлатуға болмайды. Тәрбиеші бақылауында өтеді.

Шұңқырға сыпыру ***(ұлттық қозғалыс ойыны)***
Ойын ережесі:
Балалар екі топқа бөлінеді. Белгіленген сызықтан асып кетпей, таяқша немесе сызық бойымен затты (доп, қар кесегі) белгіленген «шұңқырға» жеткізу керек. Әр бала кезекпен бір реттен қатысады. Ойын тәртібі мен кезек сақтау міндетті.

«Сақина тастау»
Міндеті: Шапшаңдыққа, байқампаздыққа баулу.
Ережесі: Ойыншылар шеңбер құрып отырады немесе тұрады, қолдарын алға созып, алақандарын біріктіреді. Бастаушы сақинаны (немесе тиынды) алақанына жасырып, әр ойыншының қолының арасынан жүріп өтеді. Ол білдіртпей бір ойыншының қолына сақинаны тастап кетеді. Содан соң: «Сақинам, сақинам, шық!» — дейді. Сақинасы бар бала тез жүгіріп шығуы керек, ал қасындағылар оны ұстап қалуға тырысады.

«Бес асық»
І кезең: "Бірлік" (Жинау)
Бала бес асықты жерге шашады. Ішіндегі біреуін "хан" (бас асық) ретінде қолына алады.
1. "Ханды" жоғары лақтырады.
2. Ол асық қайтып түскенше, жердегі бір асықты алып үлгеруі керек.
3. Осылайша 4 асықты бір-бірлеп жинайды.

ІІ кезең: "Қос-қостан"
Бұл кезеңде бала асықтарды екі-екіден жинап үйренеді.
- Жоғары лақтырылған асық жерге түскенше, жерден екі асықты бірге іліп алуы тиіс.

ІІІ кезең: "Сарт-сұрт" (Асық соғыстыру)
Бұл баланың ептілігін арттырады:

- Қолындағы асықты жоғары лақтырып, ол қайтып түскенше жердегі асықты қолына алып, лақтырылған асықты қайта қағып алады. Осы кезде асықтар бір-біріне соғылып, "сарт" еткен дыбыс шығуы керек.

3. Ойын ережесі (Неге болмайды?)

5-6 жастағы балаларға мынадай қарапайым шектеулер қойылады:

- **"Сыңар" болмасын:** Жердегі асықты алғанда, қасындағы басқа асықтарға қол тиіп кетпеуі керек.
- **Түсіріп алма:** Лақтырылған асықты жерге түсіріп алса, кезек келесі балаға беріледі.
- **Қолды алма:** Асықты алып жатқанда қолды жерден ерте көтеріп кетпеу керек.

«Бестемше» ойыны

Міндеті: Балаларды санауға, ойлауға, тапқырлыққа баулу; ойын ережесін сақтай отырып, қарсыласын сыйлауға үйрету.

Ойын құралдары: Арнайы бес-бестен 10 ұясы (отауы) бар тақта және әр ұяға салынатын бес-бестен құмалақ (барлығы 50 құмалақ).

Ойын ережесі мен барысы:

1. **Басталуы:** Ойынға екі бала қатысады. Тақтаның бір жағындағы 5 ұя — бір баланікі, екінші жағындағы 5 ұя — екінші баланікі. Ойын басында әр ұяда 5 құмалақтан болады.
2. **Жүріс жасау:** Ойынды бастайтын бала өз ұяларының біреуін таңдап, ішіндегі құмалақтарды алып, солдан оңға қарай әр ұяға бір-бірден салып шығады.
    - *Маңызды ереже:* Егер ұяда бір ғана құмалақ болса, ол келесі ұяға салынады. Егер бірнешеу болса, бірінші құмалақ алынған ұяның өзінде қалуы керек (бірақ балаларға арналған жеңіл нұсқада бәрін таратып салуға да болады).
3. **Ұту (Құмалақты алу):** Баланың соңғы құмалағы қарсыласының ұясына түсіп, ондағы құмалақтар санын **жұп** қылса (2, 4, 6, 8, 10), сол ұядағы барлық құмалақты өзіне алып, «қазанға» салады.
4. **Тұздық:** «Бестемшеде» (тоғызқұмалақтан айырмашылығы) әдетте тұздық ережесі қолданылмайды, тек құмалақтарды жұп қылып ұтуға негізделеді.
5. **Ойынның аяқталуы:** Қай баланың ұяларында құмалақ таусылып қалса (атсыз қалу), сол бала жеңіледі немесе ойын соңында «қазанында» құмалағы көп бала жеңімпаз атанады.

Орамалмен ойнау

Ойын ережесі: Бұл серуен кезінде өткізілетін қимыл-қозғалыс ойыны. Ойыншылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші орамалды бір баланың артына байқатпай тастап кетеді. Орамалды байқап қалған бала оны алып, жүргізушіні қуып жетіп, орамалмен тигізуі керек. Жүргізуші бос орынға тұрып үлгерсе, орамалы бар бала жаңа жүргізуші болады.

Жүзік жасырмақ

Ойын ережесі: Ойыншылар шеңберге отырады немесе қатарға тұрады. Ойынды жүргізуші қолындағы жүзікті ойыншылардың бірінің алақанына байқатпай салып кетуі керек. Жүзік кімде екенін басқа ойыншылар табуы тиіс. Ойын барысында балалар белсенділік танытып, ережелерді қатаң сақтауы қажет.

Айгөлек

Ойын ережесі: Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Бір топ: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек...» деп бастап, қарсы топтан бір баланы шақырады. Шақырылған бала жүгіріп келіп, қарсы тұрған топтың қол ұстасып тұрған шебін бұзып өтуі керек. Егер бұзып өтсе, сол топтан бір баланы өз тобына алып кетеді, өте алмаса — өзі сол топта қалады.

Әткеншек

Ойын ережесі: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларға ұшы түйілген жіп береді. Балалар оң қолдарымен жіптен үстап, солға бұрылады да, мына тақпақты айтады:

Әрең-әрең әлдиледі,
Әткеншегім ән-билерін.
Тербеткенде ойнадым ғой,
Жүгіруді қоймадым ғой.

Балалар текстке сәйкес шеңбер жасап жүреді: алдымен жайлап, содан соң тезірек, ал соңында жүгіреді. Тәрбиеші балалар жүгірген кезде «Жү-гі-ре-міз, жү-гі-ре-міз» деген сөзді айтады.

Балалар шеңбердің бойымен екі рет жүгіріп шыққаннан кейін, тәрбиеші қимыл бағытын өзгертіп: «Бұрылыңдар», - дейді. Ойнаушылар шыр айналып, сол қолдарымен жіпті тез ұстайды да, екінші жаққа жүгіреді.

Содан соң тәрбиеші балалармен бірге қарай жалғастырады:

Соқыр теке

Ойын ережесі: Бір ойыншының (текенің) көзін орамалмен байлап қояды. Басқа ойыншылар оның айналасында жүріп, қолдарын шапалақтап немесе дыбыс шығарып, өздерін ұстатпауға тырысады. «Соқыр теке» дыбыс шыққан жаққа барып, ойыншылардың бірін ұстап алып, оның есімін тануы керек.

«Тақия тастамақ»

Ойын ережесі:

Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала қолына тақия алып, ән айтып немесе жай жүріп балалардың артынан айналады. Ол білдіртпей бір баланың артына тақияны тастайды. Тақия артында қалған бала оны байқаса, орнынан тұрып, тақия тастаған баланы қуып жетуі керек. Егер қуып жетсе, ойыншы ауысады, жетпесе – өзі тақия тастайды. Ойын шапшаңдық пен байқампаздықты дамытады